

Көкшетау қаласының  
білім бөлімінің Сәкен Жүнісов атындағы  
№ 18 орта мектеп-лицейі  
коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі  
020000, Көкшетау, Саин көшесі, 24 а  
Тел., факс 8(7162)770889

Коммунальное  
государственное учреждение  
средняя школа-лицей № 18 имени Сакена Жунусова  
отдела образования  
г. Кокшетау  
020000, Кокшетау, ул. Саина, 24 а  
Тел., факс 8(7162)770889

## БҰЙРЫҚ

« 01 » 09 2021 ж.  
Көкшетау қ.

## ПРИКАЗ


№ 211  
г. Кокшетау

### Оқушылардың мектеп асханасында тамақтануын ұйымдастыру туралы

Мектеп асханасында оқушылардың тамақтануын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 «Аз қамтылған отбасылар қатарындағы және әлеуметтік қорғаусыз қалған оқитындарға қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінген қаржыны жұмсау Ережелері» және "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2015 жылғы 13 сәуірдегі №198 бұйрығына 6 қосымша негізінде әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды мектеп асханасында тегін ыстық тамақпен, сонымен қоса мектеп-лицейінің оқушыларын мектеп асханасында ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021-2022 оқу жылында мектеп асханасында оқушылардың тамақтануын ұйымдастырылсын.
2. Міндетті жаппай білім беру қорынан әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға мектеп асханасында тегін ыстық тамақ ұйымдастырылсын. (Қосымша 1)
3. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету сұрағын ұйымдастыруға жауапкершілік әлеуметтік педагог А.Ж.Карагызоваға жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау оқу ісінің меңгерушісі Д.О.Бельгибаеваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Б.В.Сарсембаева